

Бекнұрманов Н.С.^a , Кудериев Ж.Қ., Темірбай Н.М.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

ҰЛТЫҚ-ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАРДЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бекнұрманов Нұрлан Сайлаубекұлы, Кудериев Жәнібек Қалыбекұлы, Темірбай Нұржан Маратұлы

Ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері

Аңдатпа. Мақалада мектептердегі денешынықтыру сабақтарында ұлттық қозғалмалы ойындарды оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың мүмкіндіктері мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды зерделеген ғалымдардың еңбектері сараланып, тұжырымдар жасалады. Соңдай-ақ, ұлттық-қозғалмалы ойындар – ойын мен тәрбиені ұштастырып, бойына қазақы рухани құндылықтарды сіңіретін негізгі құрал екендігі анықталып, қорытындыланды. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктері рухани құндылықтарға бағытталған, оқушының оқуға, білімге қызығушылық білдіруі мен оны қарқынды меңгеруге ұмтылысы және әрі оқушының оқу үдерісі барысында жаңа білім, білік дағдыларын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы, ақпараттарды тануы және оны іс жүзінде жүзеге асыру әрекеттері туралы айтылады. Денешынықтыру сабақтарында ойын барысында бастауыш сынып оқушысының өзіне деген сенімділігі, қоршаған ортаға мейірімділік таныту, шығармашылық мүмкіндіктері мен белсенділік қасиеттерінің қалыптасуы туралы ойлар ортаға салынады.

Үйін сөздер: денешынықтыру, бастауыш сынып, ұлттық-қозғалмалы ойындар, танымдық белсенділік, оқушы.

Beknurmanov Nurlan Sailaubekovich, Kuderiev Zhanibek Kalybekovich, Temirbay Nurzhan Maratovich

The possibilities of national outdoor games in the formation of cognitive activity of younger schoolchildren

Abstract. The article explores the issues of the possibility of forming the cognitive activity of students of national outdoor games at physical education lessons in schools. The works of scientists who studied national games in physical education classes will also be analyzed and conclusions will be drawn. It was also determined and generalized that national outdoor games are the main tool combining play and education, instilling spiritual values in Kazakhs. We are also talking about the cognitive activity of younger schoolchildren focused on spiritual values, the student's interest in learning, knowledge and the desire for their intensive assimilation, as well as the student's orientation to assimilate new knowledge, skills and abilities in the learning process, to cognize objective reality, to recognize information and attempts to implement it in practice. During physical education lessons, thoughts about the self-confidence of a younger student, kindness to the environment, the formation of creative abilities and qualities of activity are formed during the game.

Key words: physical education, elementary school, national outdoor games, cognitive activity, students.

Бекнұрманов Нурлан Сайлаубекевич, Кудериев Жәнібек Қалыбекевич, Темірбай Нұржан Маратович

Возможности национальных подвижных игр в формировании познавательной активности младших школьников

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы возможности формирования познавательной активности учащихся национальных подвижных игр на уроках физической культуры в школах. Также проанализированы труды ученых, изучавших национальные игры на уроках физической культуры и сделаны выводы. Также было определено и обобщено, что национальные подвижные игры – это основной инструмент, сочетающий игру и воспитание, прививающий казахам духовные ценности. Также речь идет о познавательной деятельности младших школьников, ориентированной на духовные ценности, заинтересованности учащегося в обучении, знаниях и стремлении к их интенсивному усвоению, а также направленности учащегося на усвоение новых знаний, умений и навыков в процессе обучения, на познание объективной реальности, на распознавание информации и попытки ее практической реализации. На уроках физической культуры в процессе игры формируются мысли о самоуверенности младшего школьника, проявлении доброты к окружающей среде, формировании творческих возможностей и качеств активности.

Ключевые слова: физическая культура, начальный класс, национальные подвижные игры, познавательная деятельность, учащийся.

Кіріспе. Ұлттық ойындар баланың дамуына, оның адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол және ұлттық ойындарымыздың бала тәрбиесіндегі маңызы ерекше екенін көрнекті қайраткерлеріміздің айтқан пікірлерінен аңғаруға болады. Яғни ойын баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ете отырып, ойын – баланың таным көзі, даму құралы, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие деп айтуға болады. Сондай-ақ, ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлттық ойындарын ойнаған кезде тұлғаның дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойнау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан, өткен тарихымыздан хабар береді. Тәрбие жұмысын ұлттық дәстүрге сәйкес жүргізудің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, аржданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Зерттеу нысаны. Денешынықтыру сабағы үрдісі.

Зерттеу пәні – оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру.

Зерттеу мәселесі ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруында.

Жұмыс мақсаты – бастауыш сыныптарда ұлттық қозғалмалы ойындардың оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру тиімділігін анықтау.

Зерттеу нәтижесі және талдау. XIX ғасырда Ресейден Қазақстан жеріне саяси себептермен жер аударылып келген зиялы қауымның өкілдері Қазақстанның тарихы мен этнографиясын, мәдениетін зерттеуде сіңірген еңбегі зор болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және қазақ өлкесін зерттеуде баға жетпес үлес қосқан орыс мәдениетінің көрнекті өкілдері А. Янушкевич «Дневники и письма из путешествия по Казахстанским степям», Е.А. Александров «Праздничные игры и забавы киргизов», Ә. Диваев «Игры киргизских детей», А. Левшин «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей», Н. Пантусов «Заметки о древности Семиреченской области» және тағы басқалары қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін этнографиялық тұрғыда терең зерттеген ғалымдар.

Сонымен қатар қазақ ойындарын А. Диваевтан кейін спорттық ойындардан ұлттық-қозғалыс

ойындарын ажыратып, алғаш рет жіктеп қараған ғалым – М. Гуннер. Автор «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» деген еңбегінде: «Народно-национальные виды игры и соревнования вырабатывают замечательные качества в человеке: силу, смелость, отвагу, решительность, ловкость и являются средством физического воспитания, прививающим любовь к современным классическим видам спорта» – деп, қазақ ұлттық ойындарының құндылығы, ерекшелігі, тиімділігі туралы өз көзқарасын білдіреді [1].

М. Гуннердің аталған еңбегінде алғаш рет ұлттық ойындар бойынша жүргізілетін жарыстарды ұйымдастыру, өткізу, қатысушылар мен төрешілердің міндеттері, ойындардың ережелері мен тәсілдері толық қамтылып жазылған. Ғалым М. Гуннер қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын алғаш рет бөліп қарап, ұлттық ойындарын оқу барысында пайдалануға ұсыныс жасайды.

Ұлттық қимыл ойындарының маңызын, сондай-ақ сипатын, оларды пайдаланудағы сабақтастықты анықтау үшін Е.М. Гельфман мен С.А. Шмаков мынадай саралауды ұсынады: зейін бөлетін ойындар, уақытты бағалауға үйрететін ойындар, баланың жеке мүмкіндіктерін ашып көрсететін ойындар, көз өлшемін дамытатын ойындар, байқаушылыққа жаттықтыратын ойындар, қимыл реакциясы мен үйлесімін жылдамдататын ойындар, шығармашылық қабілетті дамытатын ойындар, көңіл-күй мен сезімге әсер ететін ойындар.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының қырсырын ашу үшін елеулі еңбек еткен отандық ғалымдарымыз М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Балғымбаев, Б.М. Досқараев, Ә. Бүркітбаевтардың да еңбегі зор. Бұл ғалымдардың құнды зерттеулерінің арқасында ұлттық ойындар ұлт мәдениетінің бір саласы ретінде қалыптасуы мен дамуына үлес қосты. М. Тәнекеевтің алғашқы еңбегі «Қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлері» [2], Б. Төтенаевтың «Қазақтың ұлттық ойындары» [3], Е. Сағындықовтың «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» [4] ғылыми монографиясы, М. Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойын түрлері» [5], Ә. Бүркітбаевтың «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» [6] атты еңбектерінде жалпы ұлттық ойындардың даму тарихына, ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай жіктеп (топтық, жеке, қозғалмалы, ерлерге арналған, әйелдерге арналған), қазақ ұлттық ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын ережелерін жазып, ұлттық ойындардың келешек ұрпақ үшін

тәрбиелік мәнін дәлелдеп, оқу үрдісінде қажеттілігі негізделіп және ұлттық спорт ойындарының өмірдегі алатын орны, тәрбиелік мәні қарастырылып, жарыс түрлері талданады. Аталған ғалымдар ұлттық ойындардың маңыздылығы туралы пікірлерін айта келе, сабақ барысында, тәрбие беру барысында ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, дене тәрбиесі сабақтарында оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуының теориялық жағы нақтыланса, онда өскелең ұрпақтың білімге деген құштарлығы мен ынта-ықыласын арттыруға және ұлттың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы тәрбиелеуде сөзсіз негіз болатыны туралы құнды пікірлерін білдірген.

Кейінгі жылдары дене тәрбиесі тақырыбы аясында бірнеше құнды ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Ұлттық ойындарды жалпы білім беретін қазақ мектептерінің дене шынықтыру сабақтарында тиімді пайдаланудың ғылыми теориялық-әдістемелік негіздеріне талдау жасаған ғалымдар – С. Әкімбайұлы мен А. Құралбекұлы [7], ал қазақтың ұлттық ойындарын қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырған зерттеушілер – П.С. Жекенов, С.Б. Қасымов, Б.А. Шилібаев болды [8]. Сондай-ақ, А. Айтпаева, А. Құралбекұлы, С. Әкімбайұлы өздерінің ғылыми еңбектерінде орыс мектептерінде қазақ халқының ұлттық ойындарын бастауыш сыныпта оқитын оқушыларды тәрбиелеу құралы ретінде пайдалануды ұсынады, олардың тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындаған [9].

Ұлттық ойындар мен спорт түрлері қазақ халқының сан алуан мәдениетінің бір түрі ретінде даму тарихы ерте кезден бастау алғаны белгілі. Осы мәліметтерге сүйене отырып, ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің теориялық және педагогикалық негізіне байланысты мынадай қорытынды жасауға негіз бар:

– тас ғасырдан бастап ойындар туралы мәліметтер қарапайым қоғамда адамдарды тәрбиелеу құралы болып табылады;

– ұлттық ойындар туралы мәліметтер ежелгі сақтардан басталады және ойын түрлері сақтар, ғұндар, түріктер дәуірінде өмір сүрген барлық елдерде кездеседі;

– қазақстандық ұлттық ойындардың атауы қазақ халқы жеке этнос болған кезден басталуы тиіс.

Қазақ ұлттық ойындарының ғылыми зерттеуін ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап қарастыруға болады, оған ресейлік зерттеушілер Ещен мен Пустоваловтың жұмыстарын жат-

қызуға болады және кеңес заманында ұлттық спорт пен ойындар үшін зерттеулер аз болғанын көруге болады [10].

Сонымен ұлттық-қозғалмалы ойындары – баланың ұлттық әлемін қалыптастыратын, ана тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтайтын, елге деген патриоттық сезімін қалыптастыратын педагогикалық құрал.

Бала ойын барысында айналасындағы құбылыс сырын танып сезінеді әрі айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын кезінде балаға тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындауға, өзінше шешім жасауға, өз ойындағысын еркін айтуға мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүниетанымы кеңейген, танымдық белсенділіктері мен сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.

Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады деп айта аламыз: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлттық ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойнау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан, өткен тарихымыздан хабар береді.

Сондай-ақ, ұлттық-қозғалмалы ойындар – ойын мен тәрбиені ұштастырып, бала бойына *қазақы рухани құндылықтарды* сіңіретін негізгі құрал екендігін анықтадық. Сонымен қатар *бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктері* рухани құндылықтарға бағытталған, тұлғаның оқуға, білімге қызығушылық білдіруі мен оны қарқынды меңгеруге ұмтылысынан, эмоционалды-еріктік және ақыл-ой үрдісінің белсенді күйінен әрі оқушының оқу үдерісі барысында жаңа білім, білік дағдыларын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы, ақпараттарды тануы және оны іс жүзінде жүзеге асыру әрекетінен көрініс табады.

Сонымен қатар жоғарыда отандық және шетелдік ғалымдардың жалпы ұлттық-қозғалмалы ойындар туралы жазған еңбектерін, пікірлерін, ойынға берген анықтамаларын танып зерделегеніміз бізге «ұлттық ойын», «қозғалмалы ойын», «ұлттық-қозғалмалы ойын» ұғымдарына төмендегідей авторлық анықтама беруімізге мүмкіндік берді:

Ұлттық ойындар – ептілік, төзімділік, жылдамдық т.б. адамның жағымды қасиеттерін жетілдіретін белгілі бір халыққа ғана тән, дәстүрлі ойын-сауық түрлері және өткеніміз бен

бүгінімізді байланыстыратын ұлттық баға жетпес құндылық.

Қозғалмалы ойындар – ойын шартын орындау барысында ойын ережесі бойынша қатысушылардың шығармашылық қимылды іс-әрекеті және дене мәдениетін жетілдіретін құрал.

Ұлттық-қозғалмалы ойындар – тұлғаның ұлттық әлемін, ұлттық санасын қалыптастыратын белсенді ойын әрекеті. Сөйтіп, зерттеу жұмысымызға арқау болған «ұлттық ойын», «қозғалмалы ойын», «ұлттық-қозғалмалы ойын» анықтамаларын ажыратып, ұлттық ойындардың оқу және тәрбие үрдісіндегі мәнін ашуға тырыстық.

Зерттеу жұмысымыздың барысында қарастырған ғалымдардың еңбектерінде «белсенділік» термині тұлғаның қарқынды әрекеті, философиялық категория, қызығушылық білдіруі, білімді меңгеруге ұмтылысы, тұлғаның белсенді күйі, ізденімпаздық дамуы тұрғысынан қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының белсенділігі білім алушының оқуға, білімге құштарлығының ерекше көрінісі деп түсінеміз.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігінің деңгейлерін төмендегідей үш дәрежеге бөліп қарастыруға болатынына көзіміз жетті:

Бірінші деңгей – репродуктивті белсенділік

Баланың бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы белсенділіктің бірінші деңгейіне тән көрсеткіш. Ол оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға және көбейтуге, оны үлгі бойынша қолдану тәсілін игеруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл деңгей оқушының ерік-жігерінің тұрақсыздығымен, оқушылардың білімін тереңдетуге қызығушылығының және «неге?» деген сияқты сұрақтың болмауымен ерекшеленеді. Яғни төменгі деңгейде баланы танымдық белсенділікке белгілі бір әрекеттің үлгісі, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана ынталандыруға, бағдарлауға болады.

Екінші деңгей – түсіндіру әрекеті

Түсіндіруші белсенділік баланың оқығанын зерделеуге, оқушының зерттелетін мазмұнның мағынасын анықтауға деген оны белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге деген ұмтылысынан көрінеді.

Құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланысты білуге, өзгертілген жағдайларда білімді қолдану тәсілдерін игеруге деген ұмтылысымен сипатталады. Сипаттамалық көрсеткіш: ерікті

күш-жігердің үлкен тұрақтылығы, бұл оқушы басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге тырысады, қиын жағдайда тапсырманы орындаудан бас тартпайды, оны шешу жолдарын іздейді. Яғни, орташа деңгейде іс-әрекет мұғалімнің қолдауымен орындалады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның орындалуын бақылайды немесе оқушыға орындалу тәсілдерін көрсетеді.

Үшінші деңгей – шығармашылық

Оқушы тапсырманы орындау барысында оны шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысы – белсенділіктің шығармашылық дәрежесінің сипаты. Ол қызығушылық пен құбылыстардың мәні мен олардың өзара байланыстарына терең енуі ғана емес, сонымен бірге осы мақсат үшін жаңа жол табуды қалауымен сипатталады. Өзіне тән ерекшелігі – оқушының жоғары ерік-жігерінің көрінісі, мақсатқа жетудегі табандылық және тұрақты танымдық қызығушылықтар.

Белсенділіктің бұл деңгейі оқушының өз тәжірибесінде не кездескенін және жаңа ақпаратты, жаңа құбылысты білетіндігі арасындағы сәйкессіздіктің жоғары дәрежесін қоздыру арқылы қамтамасыз етіледі. Яғни жоғары деңгейде танымдық міндеттерді өз бетінше орындайды, тапсырмалардың шешімін табуда тиімді жолдарын болжайды және өз бетінше айқындап, бағалайды.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда ұлттық-қозғалмалы ойындардың ықпалы зор. Өйткені өз халқының ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуді бастауыш сыныптан, тіпті балабақшадан бастап қалыптастыру керек.

Сөйтіп, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дамыту мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасалған талдау нәтижесі бізге бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мүмкіншіліктерін көрсетті.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мәселесі жіктелесін жасаудың қажеттілігі туындады.

Сонымен ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастырудың мүмкіндіктерін және педагогикалық жіктелесін жасап ұсынуды жөн санадық (1-сурет).



1-сурет – Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық-қозғалмалы ойындардың педагогикалық жіктемесі

Сондай-ақ, ұлттық-қозғалмалы ойындардың белсенділіктерін қалыптастыру мүмкіндіктерін бастауыш сынып оқушыларының танымдық де ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте – Ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мүмкіндіктері

Танымдық белсенділігін дамыту	Ұлттық-қозғалмалы ойындар	Күтілетін нәтиже
Қызығушылығын дамыту, зейінін тұрақтандыру, білуге құштарлығын арттыру, зияткерлік қабілетін дамыту	Ойда сақтау қабілетін дамытатын ойын	Қисынды ойлауды дамыту, баланың ақыл-ойын өсіруге негізделген іс-әрекеттерін белсендіру, талдау және жүйелеу қабілеттерін дамыту, өз әсерлерін басқаруларын жетілдіру.
Эмоционалдық қабылдауын, қызығушылығын дамыту, қиялын ұшқырлау, танымдық іс-әрекетін дамыту	Баланың белсенділігін дамытатын ойын	Қиялдауға ынталандыру, қимыл қозғалысын арттыру, топтан озып шығу қабілетіне ие болу, оқушының іс-әрекет процесінде өзінің қозғағыш сапалары – күші, жылдамдығы мен икемділігі, ептілігінің жетілуі
Үйрену, байқау сезімдерін дамыту. Дене қимылы белсенділігі әрекетін дамыту	Дене, білек күшін шыңдауға үйрететін ойын	Кеуде, аяқ, қол бұлшық еттерін нығайту, қан айналы мын қалпына келтіру, жалпы қозғалыс үйлесімділігін, вестибулярлық аппаратты дамыту
Ақыл-ойын, танымдық белсенділігін арттыру, өзін еркін ұстауға үйрету. Тапқырлығын, шапшаңдығын, зейінділігін, байқағыштығын дамыту	Тапқырлықты, шапшаңдыққа баулитын ойын	Ми жұмысын белсендіру, назар аудару, зейін қою дағдыларын дамыту, дене құрылысының дұрыс дамуына мүмкіндік беру, тұлғалық сапасы, ерік көріністерінің айқындалуы
Қол және көз координациясын жақсарту. Қырағылық пен тапқырлыққа үйрету	Дәлдік пен мергендікті жетілдіретін ойын	Жүйке жүйесін шыңдау, ептілікке үйрету, аяқ-қолдың қимылын жақсарту, ойлау мүшелері, барлық бұлшық еттерін шынықтыру
Зейінін, ерік-жігерін дамыту, ұстамды, байсалды болуға тәрбиелеу	Ерік-жігерін, төзімділігін шыңдауға баулитын ойын	Өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйрету, бәсекелестік ке жетелеп, талаптылыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу
Тану, білу, түйсіну, қабылдау белсенділіктерін дамыту. Есту, зейіні мен тез ойлау қабілеттерін дамыту	Сезімталдыққа, аңғарымпаздыққа үйрететін ойын	Ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру, ойын тәсілдерін меңгеру, ойын жүрістерін дұрыс орындауды үйрену

Сонымен ойын іс-әрекеті үдерісінде балаларда моральдік-ерік қасиеттері қалыптасады, танымдық күштері дамиды, ұжымда іс-әрекет барысында мінез-құлық және бағдарлау тәжірибесі қалыптасатынын және ұлттық-қозғалмалы ойындарды қарастыру барысында біз олардың балалардың қабылдауына жеңіл, білуге құштарлығын арттыратын, қиялын ұшқырлайтын, зейінін қалыптастыратын, эмоционалды жақсы сезімталдыққа бейімдейтін, ой-өрісін өсіретін, танымдық аясын кеңейтетін, саналы-әрекетке итермелейтін, белсенділігін арттыратын педагогикалық құрал екендігін анықтадық.

Ойын барысында бастауыш сынып оқушысының өзіне деген сенімділігі, қоршаған ортаға мейірімділік таныту, шығармашылық мүмкіндіктері мен белсенділік қасиеттері қалыптасады. Мұндай қасиеттердің қалыптасуы денешынықтыру мұғалімінің оқушымен дұрыс қарым-қатынас жасауы мен бірлесіп әрекет етуіне байланысты.

Осылайша, ұлттық-қозғалмалы ойындары – бұл баланың саналы, белсенді әрекеті, оның мақсаты барлық ойыншылар үшін міндетті ережелермен байланысты тапсырмаларды дәл және уақтылы орындау арқылы жүзеге асырылады. П.Ф. Лесгафттың анықтамасы бойынша, қимыл-қозғалыс ойындары – бұл бала өмірге дайын-

далатын жаттығу. Ойынның қызықты мазмұны, эмоционалды байлығы белгілі бір ақыл-ой мен физикалық күш салуға итермелейді.

Қорытынды. Сонымен танымдық белсенділік – бұл оқушының білуге, үйренуге деген белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық белсенділік танымдық қажеттілік, танымдық уәж, мақсат және іс-әрекетті жүзеге асырудың амал-тәсілдерінен тұрады. Оқушылардың танымдық қызығушылығы, танымдық ізденімпаздығы осы танымдық белсенділіктің негізінде қалыптасып дамиды да, оқу үрдісі шәкірттердің танымдық белсенділігінің нәтижесінде жүзеге асады. Демек, оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты – оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамытуды арнайы ұйымдастыру. Осыдан бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырып, оқытудың мәнін айқындау, анықтау және қалыптастырудың тиімділігін жүзеге асыру үшін педагогикалық шарттар жүйесін жасау қажеттілігі туындады.

Сондықтан бұл бөлімде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қарастырдық.

Әдебиеттер

- 1 Гуннер М. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. – Алматы, 1949. – 62 с.
- 2 Таникеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. – Алматы: КазГосИздат, 1957. – 68 с.
- 3 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
- 4 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
- 5 Балғынбаев М. Қазақтың ұлттық спорт ойын түрлері. – Алма-Ата: Қайнар, 1987. – 88 б.
- 6 Бүркітбаев Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлерін және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1985. – 89 б.
- 7 Құралбекұлы А., Әкімбаев С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогика негіздері. – Алматы: ҚазСТА, 2000. – 151 б.
- 8 Жекенов П.С., Қасымов С.Б., Шилібаев Б.А. Ұлттық қимыл-қозғалыс және спорт ойындарының негізі. – Тараз: Тараз университеті, 2015. – 85 б.
- 9 Айтпаева А. Қазақтың ұлттық ойындарының теориялық негізі. – Алматы, 1992. – 96 б.
- 10 Sarmantayev A., Ishanov P. Continuity of patriotic education of students and national-mobile games in the secondary school // Education and science without borders. – 2018. – Vol. 9. – P. 86-87.

References

- 1 Gunner M. Kratkij sbornik kazahskih narodno-nacional'nyh vidov sporta. – Almaty, 1949. – 62 s.
- 2 Tanikeev M. Kazahskie nacional'nye vidy sporta i igry. – Almaty: KazGosIzdat, 1957. – 68 s.
- 3 Töteneev B. Қазақтың ұлттық ойындары. – Almaty: Қайнар, 1994. – 144 b.
- 4 Sağyndıkov E. Қазақтың ұлттық ойындары. – Almaty: Rauan, 1991. – 176 b.
- 5 Balğynbaev M. Қазақтың ұлттық спорт ойын түрлері. – Alma-Ata: Қайнар, 1987. – 88 b.
- 6 Bүrkitbaev Ә. Спорттық ұлттық ойын түрлерін және оның тәрбиелік мәні. – Almaty, 1985. – 89 b.
- 7 Құралбекұлы А., Әкімбаев С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогика негіздері. – Almaty: ҚазСТА, 2000. – 151 b.
- 8 ZHekenov P.S., Qasymov S.B., SHilibaev B.A. Ұлттық қимыл-қозғалыс және спорт ойындарының негізі. – Taraz: Taraz universiteti, 2015. – 85 b.

- 9 Айтпаева А. Қазақтың ұлттық ойындарының теориялық негізі. – Алматы, 1992. – 96 б.
 10 Sarmantayev A., Ishanov P. Continuity of patriotic education of students and national-mobile games in the secondary school // Education and science withoutborders. – 2018. – Vol. 9. – P. 86-87.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Бекнұрманов Нұрлан Сайлаубекұлы – Құрметті спорт қызметкері, педагогика магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті; Тараз қ., Қазақстан. e-mail: nurlan_beknurmanov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0732-4780	Бекнурманов Нурлан Сайлаубекович – Почетный деятель спорта, магистр педагогики, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан e-mail: nurlan_beknurmanov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0732-4780	Beknurmanov Nurlan Sailaubekovich – Honorary Sports Worker, Master of Pedagogy M.H. Dulati Taraz Regional University; Taraz, Kazakhstan. e-mail: nurlan_beknurmanov@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-0732-4780